«RG Brands Kazakhstan» ЖШС (Ava жобасы)

Жоба нөмірі: 56680

Жоба мәртебесі: мақұлданған

Орналасқан жері: Қазақстан

Бизнес секторы: Тамақ өнеркәсібі және агробизнес

Жекеменшік түрі: жеке

Экологиялық санаты: C

Бекітілген күні: 2026 жылғы 24 ақпан

Жобаның қысқаша мазмұны (PSD) ағылшын тілінде жарияланған күні: 2026 жылғы 25 ақпан

«Ақпаратқа қолжетімділік» директивасының 1.4.2 (iii) бөліміне сәйкес: «Директорлар кеңесі бекіту өкілеттігін Банктің операциялық басшылығына берген жағдайларда, ол бекітетін жобалар бойынша жобаның қысқаша мазмұны ЕҚДБ құру туралы келісімнің 13 (iii)-бабына сәйкес қарсылықтың жоқтығы туралы хабарламалар берілетін тиісті кезеңнің басында Банкке мүше мемлекетке жіберіледі».

Жобаның сипаттамасы

«RG Brands Kazakhstan» ЖШС Қазақстанда тіркелген сусындар өндіретін жетекші өңірлік компания болып табылады. Мәміле «RG Brands Kazakhstan» ЖШС-не 21 млн еуроға дейінгі мөлшерде ұзақ мерзімді қамтамасыз етілген несие беруді көздейді.

Жобаның мақсаттары

Несие қаражаты: i) «жасыл» инвестицияларды қоса алғанда, капиталдық инвестициялар бағдарламасын қаржыландыруға; және ii) айналым капиталына қажеттілікті қаржыландыруға пайдаланылады.

Өтпелі кезеңге әсері

Өтпелі процеске күтілетін әсердің балдық көрсеткіші: 60.

Жоба Өтпелі кезеңге әсері бойынша 60 балл алды және оның негізгі атрибуты ретінде экологиялылық, ал қосымша атрибуты ретінде инклюзивтілік айқындалды.

Клиент туралы ақпарат

«RG BRANDS KAZAKHSTAN» ЖШС

«RG Brands Kazakhstan» ЖШС Қазақстанда тіркелген сусындар өндіретін жетекші өңірлік компания болып табылатын «RG Brands» АҚ арқылы БАӘ-нің Дубай халықаралық қаржы орталығында тіркелген «RG Brands Holding» холдингтік компаниясына тиесілі. «RG Brands Holding» сондай-ақ Қырғызстандағы дистрибуция және сату қызметімен айналысатын «RG Brands Kyrgyzstan» ЖЧК-сының 100 пайыз иесі болып табылады.

ЕҚДБ қаржыландыруы

21 млн еуро

Жобаның жалпы құны

21 млн еуро

Қосымша құндылық

ЕҚДБ жергілікті нарықта әдетте қолжетімді болмайтын қаржыландыру құрылымын қамтамасыз етеді және әртүрлілік, тең құқықтылық және инклюзивтілік саясатын қолдайды. ЕҚДБ-ның кредитор ретінде қатысуы топтың ұзақ мерзімді даму жоспарларын іске асыруына сенімділік береді.

Экологиялық және әлеуметтік мәселелер бойынша түйіндеме

Жобаға С санаты берілді (2024 жылғы редакциядағы Экологиялық және әлеуметтік саясатқа сәйкес). Жоба тамақ өнеркәсібі және агробизнес кәсіпорындарын қаржыландырумен байланысты, ал клиент Қазақстанда тіркелген сусын өндіруші болып табылады. «RG Brands» компаниясы өткен жылы ЕҚДБ-дан алған несиесін екінші рет толық өтеді. Компаниямен жүзеге асырылған алдыңғы жобаларды дайындау барысында ЕҚДБ «RG Brands» қызметіне қатысты негізгі экологиялық және әлеуметтік мәселелерді айқындаған болатын. Сыртқы консультанттар мен Банк мамандары бірлесіп жүргізген алдыңғы экологиялық және әлеуметтік кешенді тексеру (ЭӘКТ) компанияның қоршаған ортаны қорғау, еңбек, денсаулық сақтау және қауіпсіздік техникасы салаларындағы Қазақстан Республикасының ұлттық талаптарын сақтайтынын көрсетті. Сонымен қатар, тексеру барысында бірқатар жақсартулар енгізуге болатын бағыттар анықталды. Атап айтқанда, кадрларды басқару және корпоративтік басқару жүйелерін жетілдіруге, жеткізу тізбегін және мердігерлермен жұмысты жақсартуға, қызметкерлердің шағымдарын қарау жөніндегі ішкі рәсімдерді одан әрі дамытуға және мүдделі тараптармен өзара іс-қимылды кеңейтуге баса назар аудару ұсынылды. Аталған мәселелер Экологиялық және әлеуметтік іс-қимыл жоспарына (ЭСІЖ) енгізіліп, компания оларды толық әрі сәтті орындады. Қазіргі уақытта компанияда озық басқару жүйелері енгізілген және оларды тиімді қолдану үшін жеткілікті әлеует бар. Ұсынылған есептілік компанияның экологиялық және әлеуметтік мәселелерді шешуге қажетті ресурстар мен күш-жігерді бағыттап отырғанын, сондай-ақ оның қызметі қазіргі уақытта Банктің экологиялық және әлеуметтік талаптарына сәйкес жүзеге асырылып жатқанын көрсетеді. Компаниямен бірлесіп іске асырылатын бұл жаңа жоба экологиялық және әлеуметтік тұрғыдан тәуекелі төмен жоба ретінде бағаланады, сондықтан қосымша экологиялық және әлеуметтік кешенді тексеру жүргізу немесе жаңа Экологиялық және әлеуметтік іс-қимыл жоспарын әзірлеу талап етілмейді. Компания ЕҚДБ-ға өзінің экологиялық және әлеуметтік көрсеткіштері туралы есеп беруді одан әрі жалғастырады.

Экологиялық бағалау

Жоба сусындарды дистрибуциялау саласындағы салқындатқыш жабдықтарды ауыстыруға және қосымша араластырғыштарды сатып алуға байланысты «жасыл» капиталдық инвестицияларды қаржыландыруға мүмкіндік береді. Жоба климаттың өзгеруін жұмсарту және оған бейімделу бойынша Париж келісімінің мақсаттарына сәйкес келеді деп есептеледі. Жоба бойынша «жасыл» қаржыландыру үлесі 16%-ды құрайды.

Техникалық ынтымақтастық және гранттық қаржыландыру

Жоба Жапония-ЕҚДБ ынтымақтастық қоры (JECF) тарапынан техникалық ынтымақтастықты көздейді. ТЫ қаражаты заңдық сараптама жүргізу шығындарының 65%-ын жабады. Қалған 35%-ын клиент көтереді.

Компаниядағы байланыс тұлғасы

Тимур Жангужанов
timur.zhanguzhanov@brands.kz

Жоба түйіндемесінің соңғы жаңартылған күні

2026 жылғы 25 ақпан.

Өтпелі кезеңді түсіну

ЕҚДБ-ның өтпелі процеске әсерді бағалау тәсілдемесі туралы қосымша ақпарат мына жерде қолжетімді

Коммерциялық мүмкіндіктер

Коммерциялық мүмкіндіктер немесе сатып алулар туралы білу үшін клиенткомпаниямен байланысыңыз.

ЕҚДБ-ның коммерциялық мүмкіндіктері (сатып алумен байланысты емес) мәселелері жөнінде:

Тел.: +44 20 7338 7168

Email: projectenquiries@ebrd.com бойынша хабарласыңыз.

Мемлекеттік сектордың жобалары туралы ақпаратты ЕҚДБ сатып алулары сайтынан табуға болады:

Тел.: +44 20 7338 6794

Email:mailto:projectenquiries@ebrd.com procurement@ebrd.com

Жалпы сұраныстар

Нақты сұраныстарды ЕҚДБ сұраныстар нысанын пайдаланып жолдауға болады.

Экологиялық және әлеуметтік саясат (ЭӘС)

ЭӘС және онымен байланысты Жобаларды іске асыруға қойылатын талаптар (IAT) ЕҚДБ «экологиялық жауапты және тұрақты дамуға» жәрдемдесу бойынша өз міндеттемелерін орындайтын тәсілдерді айқындайды. ЭӘС пен IAT-қа клиенттер үшін ұлттық заңнаманың жұртшылықты хабардар етуге қатысты қолдануға келетін талаптарын орындау бойынша, сонымен қатар мүдделі тараптардың мәселелері мен шағымдарын, соның ішінде клиенттің және жобаның экологиялық және әлеуметтік тиімділігіне қатысты мәселелер мен шағымдарын қабылдау және оларды шешуге жәрдемдесу үшін шағым беру және қарау механизмін құру бойынша арнайы ережелер кіреді. Жобаның экологиялық және әлеуметтік тәуекелдері мен әсерлерінің сипатына және ауқымына сәйкес, ЕҚДБ өз клиенттерінен мән-жайларға қарай, жобалармен байланысты тәуекелдер мен әсерлер туралы ақпаратты ашуды немесе мүдделі тараптармен мазмұнды консультациялар жүргізуді, сонымен қатар олардың түсіндірулерін ескеруді қосымша талап етеді7

ЕҚДБ-ның бұл мәселе бойынша іс-тәжірибесі туралы анағұрлым нақтырақ ақпарат ЭӘС-та баяндалған.

Адалдық және белгіленген нормаларды ұстану

ЕҚДБ-ның корпоративтік әдепті бақылау бөлімі (КӘББ) адал басқаруды ынталандырады және Банктің бүкіл қызметінің озық халықаралық іс-тәжірибеге сай ең жоғары адалдық стандарттарына сәйкестігін қамтамасыз етеді. Жобалардың Банктің беделі үшін қабылдауға келмейтін тәуекелдер болып табылмайтындығын кепілдендіру үшін, Банктің клиенттерінің барлығына қатысты адалдықты кешенді тексеру жүргізіледі. Банк проблемаларды жобаны бекіту және бағалау кезеңдерінде айқындау және шешу Банк операцияларының адалдығын қамтамасыз етудің анағұрлым тиімді құралы болып табылады деп санайды. Осы қорғау шараларында, сонымен қатар жобалардың инвестициядан кейінгі кезеңдерінде адалдық тәуекелдерін мониторингтеу процесінде КӘББ шешуші рөл атқарады.

КӘББ сонымен қатар ЕҚДБ қаржыландыратын жобалардағы алаяқтық, сыбайлас жемқорлық және заңсыз әрекеттер туралы арыздарды тексеру үшін жауап береді. Алаяқтық пен сыбайлас жемқорлық фактісі туралы күдігі бар банктегі, сол сияқты одан тысқарыдағы кез келген тұлға Корпоративтік әдепті бақылау бөлімінің Басшысына compliance@ebrd.com электрондық мекенжайына жазбаша хабарлама жіберуі тиіс. Көрсетілген мәселелердің барлығын КӘББ кейіннен шаралар қабылдау үшін қарайды. Хабарламалардың барлығы, соның ішінде бейесімді хабарламалар да қаралады. Хабарламалар Банктің немесе Банк операциялары жүргізілетін елдің кез келген тілінде қалдырыла алады. Ұсынылған ақпарат негізделген болуы тиіс.

Ақпаратқа қолжетімділік саясаты (АҚС)

АҚС 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енгеннен кейін ЕҚДБ-ның хабардар ету және Банк стратегияларын, саясаты мен операцияларын анағұрлым тереңірек түсінуге және білуге жәрдемдесу мақсаттарында мүдделі тараптармен өзара ықпалдасу бойынша ЕҚДБ процедурасын анықтайды. ЕҚДБ сайтындағы қолжетімді ақпарат туралы мәліметтер алу үшін Ақпаратқа қолжетімділік саясаты парақшасын қараңыздар.

Нақты ақпаратқа сұранысты ЕҚДБ сұраныстар нысанының көмегімен жасауға болады.

Жобалар бойынша есеп беретін тәуелсіз орган (ЖЕБТО)

Егер экологиялық, әлеуметтік саладағы мәселелерді немесе жұртшылықты хабардар ету мәселелерін шешу бойынша Клиенттің немесе Банктің шаралары күтілгендей нәтижелер әкелмесе (мысалы, Клиенттің шағымдарын берудің және қараудың жобалық механизмі арқылы немесе Банктің басшылығымен тікелей өзара ықпалдасу арқылы), жеке тұлғалар мен ұйымдар өз мәселелерін ЕҚДБ-ның Жобалар бойыша есеп беретін тәуелсіз органы (ЖЕБТО) арқылы шешуге талпыныс жасай алады.

ЖЕБТО Банкпен қаржыландырылатын қандай да бір объект зиян келтірді немесе келтіруі мүмкін деп санайтын жеке тұлғалардың немесе ұйымдардың өтініштерін тәуелсіз қарауды жүргізеді. Бұл орган әлеуметтік саланың, экологияның және жұртшылықты хабардар етудің жобамен байланысты мәселелері бойынша мүдделі тараптар арасындағы келіспеушіліктерді еңсеруге ықпал етуді;

Экологиялық және әлеуметтік саясаттың талаптарын және осы жобаға жататын Ақпаратқа қолжетімділік саясатының ережелерін Банктің орындайтынорындамайтындығын анықтауды; сонымен қатар, қажет болған жағдайда, аталған нормативтік құжаттарды ұстану Банк

тарапынан орындалмай отырған жағдайларды қарауды және келешекте мұндай жағдайларды болдырмауды көздейді.

IPAM және оның мандаты туралы; қалай қайта қарау Сұранысын тапсыру туралы көбірек мәлімет білу үшін Жобалар бойынша есеп беретін тәуелсіз органның веб-сайтына кіріңіз; немесе IPAM туралы және сұранысты қалай тапсыру керектігі жөнінде нұсқаулық пен қосымша ақпарат алу үшін үшін IPAM-ға ipam@ebrd.com электрондық поштасы арқылы хабарласыңыз.